

Қазақстан Республикасында стандарттар мен техникалық шарттардың сақталуына мемлекеттік қадағалау туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 20 мамырдағы N 410. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.17. N 367 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Стандарттау және сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізудің тәртібі туралы" 1993 жылғы 18 қаңтардағы N 1887-ХІІ қаулысын орындау үшін Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасында стандарттар мен техникалық шарттардың сақталуына мемлекеттік қадағалау туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 20 мамырдағы
N 410 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасында стандарттар мен техникалық шарттардың сақталуына мемлекеттік қадағалау туралы
ЕРЕЖЕ**

ЕСКЕРТУ. Ереженің мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚРМҚ-нің 1995.09.13. N 1259 қаулысымен .

Осы Ереже "Стандарттау және сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған және Қазақстан Республикасының аумағында стандарттар мен техникалық шарттардың (бұдан былай - стандарттарды) сақталуына мемлекеттік қадағалауды ұйымдастырудың негізгі принциптерін, сондай-ақ мемқадағалау нәтижелері бойынша қолданылатын ш а р л а р д ы а й қ ы н д а й д ы .

1. Стандарттардың сақталуына мемлекеттік қадағалау мемлекеттік басқару органдарында да меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілерде де (бұдан былай "кәсіпорындар" деп аталады) жүзеге асырылады.

2. Стандарттардың сақталуына мемлекеттік қадағалаудың негізгі мақсаты - өнім сапасы мәселелері байланысты тұтынушылардың мүдделері мен құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету.

3. Мемлекеттік қадағалау мыналарды қамтамасыз ететін бағыттарда жүргізіледі:

қолданылып жүрген заңдармен айқындалған, соның ішінде Қазақстан Республикасында қолданылатын шет елдердің халықаралық, аймақтық және ұлттық стандарттардың барлық дәрежедегі қалыпты құжаттарының талаптарын, сондай-ақ келісім-шарттарда көзделген талаптардың сақталуын бақылау;

міндетті түрде сертификаттың болуын бақылау;
ведомстволық стандарттау қызметтерінің жұмысын бақылау және өнім сапасын қамтамасыз ету.

4. Қазақстан Республикасында стандарттардың сақталуына мемлекеттік қадағалауды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет (Қазақстан Республикасының Мемстандарты) пен оның аумақтық органдары (Стандарттау және метрология орталықтары) жүзеге асырады.

5. Стандарттың сақталуына мемлекеттік қадағалау жасайтын лауазым иелері Қазақстан Республикасының Мемстандарты облыстардың бас мемлекеттік инспекторлары және мемлекеттік инспекторлар ретінде аттестаттаудан өтеді.

6. Бас мемлекеттік инспекторлар мен олардың орынбасарларына, мемлекеттік инспекторларға төмендегідей құқықтар беріледі:

кәсіпорындардан стандарттардың, метрологиялық ережелердің және сертификаттау талаптарының сақталуы мәселелері жөніндегі қажетті мәліметтер мен материалдарды алу;

тексерулер мен сараптауларды жүргізу үшін қажет болған жағдайда кәсіпорындардың техникалық құралдары мен мамандарын олардың басшыларымен келісе отырып, тарту;

Қазақстан Республикасының Мемстандарты органдарының қызметтік куәліктерін көрсеткен жағдайда өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін кәсіпорындарға кіру;

белгіленген тәртіп бойынша кәсіпорында мемлекеттік қадағалаудың кез келген нысанын өндіретін өнімнің сапасына байланысты мерзімі, күшейтілген және бақылаудың айрықша тәртібін енгізу;

олардың қалыпты техникалық құжаттардың талаптарына сәйкестігін зерттеу мен тексеру үшін сол өнімге деген стандарттарда немесе басқа да ресми құжаттарда белгіленген мөлшерде өнім үлгісін таңдап алу (қажет болған жағдайда өнімнің таңдап алынған үлгілерін сынау тексерілетін кәсіпорыннан тысқары жерде өткізгенде - ол кәсіпорын есебінен жүргізіледі);

стандарттар талаптарының бұзылуын немесе оларды болдырмаудың себептерін жою туралы кәсіпорындар үшін міндетті нұсқау-хаттарды беру;
стандарттар талаптарына сәйкес келмейтін конструкторлық, технологиялық және жобалық құжаттарды тапсырыс иесіне (өндіріске) беруге және пайдалануға т ы й ы м с а л у ;

стандарттар талабын, сертификаттау ережелерін бұзу, немесе белгіленген тәртіптегі құжаттармен бекітілмеген өнімдерді (қызмет көрсетуді) өндіру фактілері анықталған жағдайларда өнімді өндіруге, тасымалдауға, сақтауға және пайдалануға, сондай-ақ қызмет көрсетуге тыйым салу;

міндетті түрде сертификатталуға тиісті, бірақ сәйкестік сертификаты жоқ өнімді с а т у ғ а т ы й ы м с а л у ;

сертификат пен өнімге сәйкестік белгісін қолдану құқының күшін жою н е м е с е т о қ т а т у ;

сапасыз өнім өндіруге әкеліп соғатын, стандарттар талаптарын бұзғаны анықталған жағдайда өнім шығаруды тоқтату;

стандарттау мен сертификаттау туралы заңдарды бұзғаны үшін оларға жауапкершілік шараларын қолдану жөнінде заңды ұйымдарға нұсқау-хат беру;
кінәлі лауазым иелері мен адамдарды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін материалдар әзірлеу.

7. Мемлекеттік қадағалау нәтижелері Қазақстан Республикасының Мемстандарты белгілеген тәртіп бойынша актілермен рәсімделеді.

Стандарттар талаптарын бұзғаны анықталған тексеру актілері тексерілген кәсіпорын үшін жоғары болып табылатын органды назарға алу және шара қ о л д а н у ү ш і н ж о л д а н а д ы .

Облыс, Республика немесе өнеркәсіптің жеке саласы бойынша жиынтықталған мемлекеттік қадағалау нәтижесі дәйекті түрде республика Үкіметіне, жергілікті әкімдерге, тиісті министрліктер мен ведомстволарға ж і б е р і л е д і .

Стандарттар талаптарын бұзған кәсіпорындарды қадағалау нәтижелері анықталған тәртіп бұзушылыққа орай әртүрлі нұсқау-хат беріледі.

8. Республиканың Бас мемлекеттік инспекторы немесе оның орынбасарлары стандарттар талаптарының бұзылуы және кәсіпорында тиісті сападағы өнімді өндіруге қажетті жағдайлардың болмауы фактілері анықталған жағдайда өнім (технологиялық процесті толық немесе сапасыз өнім өндіруге әкеліп соғатын оның жекелеген операцияларын) өндіруді тоқтату туралы нұсқау береді.

9. Облыстардың бас мемлекеттік инспекторлары немесе олардың орынбасарлары мынандай нұсқау түрлерін береді:

а) мына жағдайларда өнім өткізуге, жұмыс пен қызмет орындауға тыйым салу т у р а л ы :

стандарттар талаптарына сай келмейтін өнімді әзірлеуге, жұмыс пен қызметті орындауға және өнімнің тұрақты сапасын, жұмыс пен қызметтің орындалуын қамтамасыз ететін жағдайлардың жоқ болуы;

белгіленген тәртіп бойынша бекітілген қалыпты-техникалық құжаттары жоқ өнімді өндіруді, жұмыс пен қызметті орындауы;

егер де тексеру кезінде анықталған стандарттардың сақталмауы өнімнің сапасын кемітсе немесе кемітуі мүмкін болса, тауар түрін нашарлатса, бұзса немесе өнімнің қалыптан тыс жойылуына әкеліп соқса, ондай өнімнің т а с ы м а л д а н у ы мен с а қ т а л у ы ;

арнаулы көрсеткіштері, сыйысымдылығы мен өзара алмастырылуы, сенімділігі, қауіпсіздігі, эргономиялық және экологиялық көрсеткіштері бойынша кінараты бар өнімдерді пайдалануы;

б) мынандай жағдайларда стандарттардың талаптарына сәйкес келмейтін өндірілген өнімнен, жұмыс пен қызмет көрсетуден алынған, бірақ 12 айдан аспайтын мерзімдегі, нақтылы пайданың толық сомасын тиісті жергілікті бюджеттердің кірісіне өндіріп алу туралы:

егер де ол кемшіліктер өнім сапасының нашарлауына әкеліп соқса, сапа мен жиынтықтылығы жөніндегі, ыдысы, оралуы және таңбалануы жөніндегі стандарттар талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің сатылуы;

стандарттар талаптары бұзылған жұмыс пен қызметтің өткізілуі;

в) пайдаланылуы мен сақталуы адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін немесе келтіруі мүмкін, стандарттар талаптарына сай келмейтін, сатылған өнімдер құнының мөлшеріндегі соманы тиісті жергілікті бюджеттердің кірісіне аударылады өндіріп алу туралы;

г) Қазақстан Республикасының Мемстандарттың аумақтық органының тыйым салынуы қарамастан сатылған стандартсыз өнім құны сомасының 50 процентін тиісті жергілікті бюджеттердің кірісіне өндіріп алу туралы;

д) сол өнімнің стандарттар талаптары мен сертификаттау ережелеріне сәйкес емес екендігі жөніндегі фактілер анықталған жағдайда сатылуға арналған, тексерілген өнім құнының мөлшеріндегі соманы өндіріп алу туралы;

е) мынандай жағдайларда сәйкестік сертификатының күшін немесе сәйкестік Заңын қолдану құқық тоқтатып, жою туралы:

сертификатқа сәйкес келмейтін өнімнің сатылуы;

сертификаттың қолдан жасалуы немесе оның күшінің мерзімінің өтіп кетуі;

сертификаттаудан өтпеген өнімге сәйкестік белгісінің қойылуы;

мемлекеттік инспекторға өнімнің сертификатталуы туралы қажетті ақпаратты б е р у д е н б а с т а р т у ы .

Заң бұзушы 15 күн ішінде ерікті түрде орындамаған стандарттау және сертификаттау туралы заңдарды бұзғаны үшін белгіленген сомаларды заңды

тұлғалардан өндіріп алуға арналған ұйғарымның барлық түрлерін Қазақстан Республикасының Мемстандартының аумақтық органдары қадағалау объекті орналасқан жердегі салық инспекциясына - орындау үшін және кәсіпорынның есебі сақталуы банкке - Қазақстан Республикасында ақшасыз есептеулерді жүргізу тәртібіне сәйкес шараларды қабылдау үшін жолдайды.

Белгіленген өндіріп алынатын сома бюджеттік жіктеуге сәйкес тиісті жергілікті бюджеттердің кірісіне аударылады:

90 проценті - республикалық бюджет табысының бюджеттік топқа бөлінісінің 12-тармағының 27-параграфына.

10 проценті - Қазақстан Республикасының Мемстандарттың Ұйғарым берген аумақтық органының арнайы қаражаты жөніндегі ағымдағы есепшотына.

ЕСКЕРТУ. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМҚ-нің 1995.09.13. N 1259 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақтың "б", "в", "г", "д"-тармақшалары сөздермен толықтырылды, 19-абзац жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.04.08. N 505 қаулысымен.

10. Стандарттардың сақталуына мемлекеттік қадағалау жасаушы мемлекеттік инспекторлар:

стандарттың бұзылған талаптарын қалпына келтіру және сол кемшіліктерге жол бергізген себептерді жою туралы;

стандартсыз өнімнің тексерілген партиясын сатуға тыйым салу туралы; міндетті түрде сертификатталуға тиісті өнімді сәйкестік сертификатынсыз сатуға тыйым салу туралы нұсқаулар бере алады.

11. Нұсқауларды рәсімдеу мен олардың нысандары жөніндегі талаптарды Қазбасстандарт белгілейді.

12. Стандарттардың сақталуын мемлекеттік қадағалаудың нәтижелері бойынша Қазбасстандарттың аумақтық органдары:

төрелік сотқа - стандартсыз өнімді өткізу арқылы мемлекеттік мүддеге нұқсан келтіретін кәсіпорындарға мүліктік жауапкершілік шараларын қолдану туралы мәселені шешу үшін стандарттар талабын бұзатын кәсіпорындар туралы хабарлама;

прокуратура органдарына;

кәсіпорынның бірнеше рет немесе аса ірі көлемде сапасыз тауарларды сатқаны;

лауазым иелерінің қызмет бабын пайдаланғаны немесе жауапсыздығы салдарынан мемлекетке айтарлықтай зиян шеккізген, стандартсыз өнімді өндіргені жөніндегі хабарларды жолдап тұрады.

13. Мемлекеттік инспекторлардың іс-әрекетіне Қазбасстандарт органдарының жоғары лауазымды адамдарына шағынуға болады. Стандарттардың сақталуына

мемлекеттік қадағалау жасайтын лауазым иесінің іс-әрекетіне жазылған арыз түскен күнінен бастап 15 күннен кешіктірілмей, ал қосымша зерттеу мен тексеруді қажет ететін арыздар бір ай мерзімде қаралуға тиіс.

Кәсіпорындардың басшылары мемлекеттік инспекторлардың өздеріне жүктелген міндеттерін орындауы үшін қажетті жағдайлар туғызады.

14. Стандарттар мен техникалық шарттар талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалау басқа мемлекеттік органдардың стандарттау мен сапаны бақылаудың ведомстволық қызметтерімен, техникалық комитеттермен, тұтынушылар қоғамдарымен тығыз байланыста жүргізіледі.